

Карантинді тоқтату және Свердлов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 9 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Свердлов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 11 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес және Денисов аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндет атқарушының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 01-27/542 ұсынысы негізінде, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Свердлов ауылдық округі Приречное ауылының аумағында мүйізді ірі кара малдың сібір жарасы ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Свердлов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 9 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Свердлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап жұмыс бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Свердлов ауылдық округінің әкімі

Г. Макаева